

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.4.2.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану			
Сабақтың мақсаты	Мк Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жазады. Заттың атын, қимылын білдіріп тұрған сөздерді сұрақ қою арқылы ажыратып, орынды қолданады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 3 минут	Психологиялық дайындық. Топтасу: 4 түсті гүлдің күлтешелері арқылы топтасады Тақырыпты болжау. – Тау дегенде көз алдымызға не елестейді? – Тауға шығып көрдіңдер ме? Бірлесіп мақсат қою. • өлеңнің мәтінін тақырыбы бойынша әңгімелеу; • орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазу; • заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің сұрақтарына жауап беріп, сөздерді қолданып сөз тіркестері мен сөйлемдер құрау.	Белсенді іс-әрекеттер жасайды. Сабаққа шолу Сенің білетінің: «» * заттың қимылын білдіретін сөздерді сұрақ қойып анықтау; * заттың қимылын білдіретін сөздерді дұрыс қолдану. Сенің меңгеретінің: «» * сөздерді мағынасына қарай талдау; * адамға, затқа, жануарларға қатысты іс-әрекетті анықтау. Сабақтың мазмұны * Заттың қимылын білдіретін сөздер. 2-сабақ IT сауаттылықтарын қалыптастыру.	ҚБ. «Үш шапалақ»	OnlineMектеп платформасы Тапсырмаларды орындау
5 минут				
5 минут	Кестемен жұмыс. Өлеңнің мазмұнына байланысты жүргізілетін жұмыстар: Тыңдалым, айтылым: Өлеңді QR кодпен тыңдатады. Мәнерлеп оқуға қойылатын талаптарды балалармен бірге айтып шығады Оқылым: Оқушылар жеке-жеке оқиды. Тау Ертіп атам тауға барды, Таудан жатқан көрдім қарды. Таудың іші-қалың орман, Аң мен құсқа пана болған. Таза ауа ,мөлдір бұлақ, Тастан -тасқа аққан құлап. Тауда орман ,тал мен қайың Қызығасың көрген сайын. ФС бағытталған жабық сұрақтар: -Қазақстандағы қандай тауларды білесіңдер? -Жаз мезгілінде де тау басындағы қар неліктен ерімейді?	Өлеңнің мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді.	 ҚБ. Білім жылдамдығын 3 балл көтереді	Кесте Өлеңді: сауатты оқу; мәнерлеп оқу; дауыстап оқу; тыныс белгілерге тоқтап оқу; түсініп оқу.
Ортасы 8 минут	Дәптермен жұмыс. Жазылым ерекшелігі: дұрыс отырғызу, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қаламды ұстай білуді қалыптастыру. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жазады. не? нелер? қайтеді? Тау іші әдемі. Бұлақтар сылдырап ағады. не? не қылады? Таудың ауасы таза болады.	Жазылым ережесімен танысады, жазылым критерилерін құрады Жазу жолының жоғары және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтарынан шықпау.		

2 минут	ЕББҚО Суреттегі жануарларды олардың қимылын білдіретін сөздермен сәйкестендіріп, қосып айтады.	Суретті қимыл әрекеттерімен сәйкестендіреді.	Марапаттау	
10 минут	Топтық жұмыс: «Моделдеу» стратегиясы Өлең мазмұнына байланысты тапсырмалар орындайды. «Ойлан, бірік, бөліс». «Түрткі сұрақтар» Өлең неліктен «Тау» деп аталған? Өлеңдегі кейіпкерлерді ата. Тауда нелер бар? Мәтіннің тақырыбы бойынша суреттермен әңгіме желісін құрастырады, топта қорғайды.	Белсенді оқу ортасын құру: Әр топ мүшелері бір сөйлемнен сурет желісі бойынша әңгімелейді	 ҚБ. Білім жылдамдығын 3 балл көтереді	Гүл күлтешелерін топтастырып қояды.
Соңы 10 минут	Шығармашылық жұмыс: «Оқуға құштар оқушы» стратегиясы. Wordwall. платформасында онлайн тапсырмаларды орындайды. 	1. Реттік нөмірлері бойынша сұрақтарға жауап береді. 2. Сол сөздерден сөз тіркесін, сөйлем құрап айтады.	 Білім жылдамдығын 2 балл көтереді	
Кері байланыс 2 минут	Кері байланыс: «Не істедім» Мен бүгін ... жаздым, оқыдым, айттым, сөйледім, бағаландым, жауап бердім, жазбадым, оқымадым, айтпадым, баға алмадым.	Сабақта жасаған іс әрекеттерін стикерге жазып, суретке жапсырады.	Стикерлер 1-4 бал-1 деңгей 5-7 бал-2 деңгей 8-10 бал-3 деңгей	«Білім себеті»